

Парасаттылықты пайымдау

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетінде өткен 16 томдық «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: қызмет хроникасы» және «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» кітаптарының таныстырылымы Мемлекет басшысы туралы толымды толғаныс болып шықты.

Әуел бастан қадап айта кетерлік бір жағдай, осынау тамаша кездесу-жиынның еліміздегі жоғары оқу орындарының қара шаңырағы саналатын Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде өтуінің өзіндік сыр-себебі, жөні де бар. Жоғарыда аталған кітаптардың біріншісінің редакциялық-баспа тобының жетекшісі, ал екіншісінің авторы Махмұт Қасымбеков осы оқу орнының, бұрынғыша айтқанда, атақты ҚазПИ-дің түлегі. Бүгінде университет Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің бастығы, белгілі қоғам қайраткері, қаламгер-публицист, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор Махмұт Базарқұлұлы Қасымбековті орынды мақтан тұтады. Сондықтан, осындай кездесуге оқу ордасының ұжымы көптен ынталы болатын. «Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» дегендей, ықыласты кездесу аясында жоғарыда аталған кітаптардың тұсауын ұшқан ұяда кесудің де сәті түскендей.

Кездесу рәсімдері бұрын Оқу министрлігі орналасқан Жамбыл көшесі, 25 мекенжайдағы ғимараттың төменгі қабаттағы холында мәртебелі мейманды қарсы алысымен-ақ риясыз да жаймашуақ қалып та бастала берген. Махмұт Базарқұлұлы ҚазПИ-дің өз адамы екені бұл арада да байқалған. Ректор Серік Пірәлиевтің қасындағы ардагер ұстаздар Исатай Төленбеков пен Марат Нұриевтер де алдынан шыққанына аса қуанышты раймен емен-жарқын амандасып, есен-саулық сұрасқан. Бұдан соң М.Қасымбеков уақыт оздырмай, жиылған көпшілікке «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» кітабының қаншама данасын ерінбей-жалықпай қолтаңба жазып сыйлады. Кездесуге келген қауым осы арада Нұрсұлтан Назарбаевтың кітаптарына және Елбасы туралы жазылған кітаптарға арналған көрмені тамашалады.

Әлбетте, аталмыш көрменің көркін ашып тұрған 16 томдық «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы» деп аталатын басылым дер едік. Аса бірегей осынау кітаптар топтамасында 1990-2010 жылдар аралығында ел ішінде және шетелде Мемлекет басшысының қатысуымен өткен негізгі іс-шаралар егжей-тегжейлі көрініс тапқан. Сондай-ақ онда Н.Назарбаевтың аталмыш мерзімде сөйлеген сөздерінің мәтіндері орын алған, 1990-2010 жылдарда қабылданған ел Президентінің заңдары мен жарғыларының тізбесі берілген. Жинақ мемлекет істеріне қатысты әртүрлі ақпараттарға аса бай.

Ал енді бүгінгі көрмеге қойылып, таныстырылымға ұсынылып отырған М.Қасымбековтің «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» туындысы жеке кітап болып шыққаннан бері жұртшылықтың қызығушылығын тудырып, толайым-толымды бағасын алуда. Сонымен қатар, ол шығарма әлемнің әр тілдеріне аударылып, біздің Елбасымызға деген басқа халықтардың да құрмет-ілтипатын тудырып жатқаны анық. Бұған биылғы наурыз айында кітаптың Түркияда түрік тілінде басылып шығып, Ыстамбұлда өткен тұсаукесер рәсімі дәлел.

Осы арада автор жайлы таратыңқырай айтсақ, Махмұт Қасымбеков еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет құруға талпынған алғашқы күндерден Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жанынан табылып, Президент Аппаратын жасақтауға күш-жігер жұмсаған және Президент Кеңесін үздіксіз басқарып келе жатқан танымал қайраткер. Тәуелсіз еліміздің болашағы, жан-жақты дамуы және іргесі берік мемлекет болып қалыптасуы жолында Елбасымыз жанқиярлықпен еңбек етіп, қаншама ұлан-ғайыр іс атқарса, соның бәрін Президент командасында болып, өз көзімен көріп, өз ісімен үлес қосқан Махмұт Базарқұлұлының осындай кітап жазуға тәуекел етуі де үлкен жүректілікті, айрықша парасаттылық пен өнегені танытқандай.

Сөйтіп, ол Мемлекет басшысының өз елінің өркендеуі жолындағы ғаламат еңбегі, биік адамгершілік қасиеттері туралы шынайы толғанады. Елбасының тікелей басшылығымен жас республикада жүзеге асып жатқан көптеген маңызды реформаларға автордың тікелей қатысушы куәгер болуы кітаптың қызғылықты, ой-тұжырымдары шыншыл әрі әділ шығуына ықпал еткен.

Бұл кітаптағы көптеген толғанысты мақалалар республикалық баспасөзде, негізінен «Егемен Қазақстан» газетінде жүйелі жарияланып келгенін білеміз. Бұл тарихи көсемсөздік сипатта баяндалған, жанрын тауып біртұтас жүйе құрған, Елбасының өмірі мен қызметі туралы кітап. Оның құндылығы көптеген фактологиялық материалдардың, бірегей мұрағат құжаттарының, сондай-ақ жеке байқауларының негізінде Мемлекет басшысының Ұлт көшбасшысы, азамат, адам ретіндегі сегіз қырлы, бір сырлы дейтіндей тұлғалық қасиеттерін аша білуінде дер едік.

Сонымен, осындай ұлағаты мол кітаптарды таныстыруға арналған кездесу кешін кіріспе сөзбен аша келе, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры Серік Пірәлиев Махмұт Базарқұлұлының, әсіресе Елбасының қызметіне арналған 16 томдық еңбекті жарыққа шығаруға мұрындық болып, үлкен үлес қосқанын атап өтті. Сондай-ақ ол кісінің Президенттің жеке мұрағаты мен мұражайын құрудағы ересен еңбегіне де баса назар аударды. Әрине, бұлар ел тарихы үшін аса маңызы жұмыстар екендігі аян. Өйткені Президент Назарбаевтың өмір жолы Қазақстан Республикасының да тарихы іспеттес. Оқырман жұртшылық Махмұт Қасымбековтің кітабынан тек Елбасының өмірімен ғана емес, сонымен қатар республика тарихымен де танысады.

Серік Жайлауұлы одан әрі «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты жаңа кітап Президенттің жиырма жылда атқарған ұлан-ғайыр жұмыстарын жалаң фактімен ғана баяндап қоймай, Нұрсұлтан Әбішұлының ішкі жан дүниесі, биік адамгершілік қасиеттері, еліміз деген ерен ердің еліне, жеріне деген сүйіспеншілігі мен махаббаты, ет пен сүйектен жаратылған кәдімгі адам ретіндегі жан сезімі туралы тебірене сыр шертетінін алға тартты. Кітап сонысымен қымбат.

Ректор осы арада Махмұт Базарқұлұлы университет түлегі екенін мақтанышпен баян етті. М.Қасымбеков кітабының наурыз айында Түркияның белгілі мемлекет қайраткерлерімен қатар атақты ғалымдары мен азаматтық ұйымдардың, ақпарат құралдары өкілдері қатысқан тұсаукесерде де жоғары бағаланғанына мысал келтірді.

Махмұт Қасымбековтің кітабында баяндалғандай, Қазақстан халқы қиын-қыстау кезеңде ел тізгінін Нұрсұлтан Назарбаевқа сеніп тапсырды. Президент ел сенімін ақтап, Қазақстанды биік белестерге көтерді. Соның нәтижесінде бүгін әлемде «Қазақстан жолы» деген ұғым орнығып отыр. Олай болса, деп түйіндеді Серік Пірәлиев, «Осынау ұлағатты

кітап қалай жазылды, оның өнегелі тұстары қайсы, тарихи-тағылымдық ерекшеліктері неде?» деген сауалдарға бүгінгі жиында жауап іздейік.

Махмұт Базарқұлұлының «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» кітабы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессор оқытушылары мен студенттері арасында да үлкен қызығушылық туғызып, оқылып жатыр екен. Университеттің саясаттану кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор Раушанбек Әбсаттаров ең әуелі бұл кітапқа баға беру оңай еместігін ескертіп өтті. Себебі, оны түсіну үшін баға берушінің өзінде де білім мен мәдениет, парасат пен ізгілік жеткілікті болуы тиіс. Өз басым Махмұт Базарқұлұлын көп жылдардан бері білгендіктен де оның құнды кітап тудырғанына еш күмән келтірмедім. Мен мұндағы отызға жуық очерктің әрқайсысы өзінің мән-мағынасы, көтерген мәселесі, өресінің биіктігі жағынан бір-бір кітап деп бағалар едім. Мұнда Елбасының біз білмейтін, сезбейтін қырлары көрінеді. М.Қасымбеков бұған дейін қазақ тіліндегі терминдерді дамытуға байланысты Мемлекеттік сыйлықты алған еді. Мына еңбегі де қай сыйлыққа болсын лайықты дер едім. Осылай дей келе Р.Әбсаттаров осы кітапта президенттік институттың жан-жақты байыпталып пайымдалғанын атап көрсетті.

Университеттің ардагер ұстаздарының бірі, биология ғылымдарының кандидаты Исатай Төленбеков бүгін ҚазПИ-дің қарт ұжымы бір рахат, қанағат сезіміне кенеліп отыр, деді. Көптен бері осындай жиын болмаған тәрізді. Осы университеттің түлегі Махмұт Базарқұлұлының Елбасы туралы қаншама кітап шығарып әкеліп, тұсауын кесуі – университет үшін, біздер үшін үлкен құрмет. Өз басым «Егемен Қазақстан» газетінде Махмұттың жазғандарын мұқият оқып, үнемі таңданамын. Ой-өрісінің кеңдігіне, әдеби-ғылыми толғамына, әрбір сөзіне мұқият қарайтындығына. Махмұтжанның мықты публицист, көрнекті саясат қайраткері болып жетілуін зор адамгершілік өре деп бағалаймын. Мұндай өрелі еңбек адамгершілігі мол, парасатты адамнан ғана шығады. Өткен жылдардың 70-жылдарында ҚазПИ-де парторг болған Исатай Мырзахметұлы студент әрі комсомол жетекшісі Махмұт Қасымбековтің қоғамдық жұмыста шынығып шыңдалуына игі әсерін тигізген ұлағатты тәлімгер ұстаздардың бірі екен. Қарт ұстаз сондағы жалындаған жас Махмұттың оқу-тәрбие жұмыстарына белсене араласқанын, студенттердің жазғы еңбек семестрін ұтымды ұйымдастырған кездерін еске алды. Сөйтіп, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы сияқты, ҚазПИ-ды бітіруші түлектер ассоциациясын құруды ұсына келе, барлық мықты түлектеріміз, оның ішінде Махмұт осы қарқыннан таймасын деп аяқтады сөзін.

Парламент Сенатының депутаты, философия ғылымдарының докторы, академик Ғарифолла Есім «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» кітабында Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың образы қалай сомдалғаны, кейіпкердің тұлғалық қасиеттері қалай ашылғаны туралы салиқалы ой толғады.

«Елбасы туралы кітап жазу аса үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Осындай биік жауапкершілікті кітап авторы өзіне тән байсалдылықпен және парасаттылықпен орындап шыққан. Нұрсұлтан Назарбаев қазақ елінің Тұңғыш Президенті, Елбасы. Оның саяси тұлға ретінде атқарған жұмыстары ұшан-теңіз. Мен соның кітапта айтылған кейбіреулерін ғана атап өтейін» дей келе, сенатор Елбасының жаңа тұрпатты Қазақ мемлекетін құру, Астананы тұрғызу, Қытай Халық Республикасымен және Ресей Федерациясымен арадағы шекараларды анықтап, халықаралық деңгейдегі құжаттармен бекіту, Қазақ елінің

мемлекеттік мәртебесін әлемдік деңгейге көтеруі, ядролық қарусыздану дәуірінің алғашқы бетін ашуы, биылғы Сеул саммитіндегі тамаша табыс сияқты тарихи еңбектерін санамалап өтіп, бұлар туралы кітаптың әр бетінен аса құнды деректер кездестіретінімізді тәптіштей айтты. Ғ.Есімнің кітаптың құндылығы жөнінде келтірген үзінді мысалы да көңілге қона кеткендей: «Президент көнекөз қариямен белгіленген уақыттан әлдеқайда ұзақ әңгімелесті. Арасында:

– Маған ара-тұра: «Қазір мал ұстауға мүмкіндік жоқ, елімізде ұры-қары көп, жалғыз сиырынның өзін ұрлап кетеді...» деген хаттар түсіп жатады. Сіз малды қалай көбейтіп отырсыз? – деп ардақты ақсақалдың әңгімесіне дем беріп қояды.

– Қазақта «Қарамасаң – қатын кетеді, бақпасаң – мал кетеді» деген мақал бар. «Айдапсалдың малы өспейді» дегенді де біздің қазекем баяғыда-ақ айтқан. Қарамасаң, ұрламағанда қайтеді? Далаға айдап жіберіп, кешке үйінде күтіп отырсаң, ұрлайды, әрине» (111-б.).

Сөзін одан әрі сабақтаған Ғ.Есім:

– Кітаптың тілі жатық, көркем, мағыналы, ойлы және де терең. Кітап авторы М.Қасымбеков елімізге белгілі саясаттану білгірі, ұзақ жылдар лауазымды қызметтер атқарып жүрген қадірлі азамат. Сондықтан, Елбасы туралы құнды-құнды деректер беріліп, талдаулар жасалған мұндай құнды жинақ қалың студенттер мен оқытушылар қауымына да қажетті әрі оқылатын кітап болады деген сенім білдіремін, – деді. Сөйтіп, сөзін түйіндей келе, лайым, қарға тамырлы қазақ өзінің төл мінезінен айырылмасын, «бар қазақ бір қазақ» болып, ел Елбасымен еңселі болсын деген тілек білдірді.

Жоғарыда айтқанымыздай, әлем халықтарының назарын аудара бастаған «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» кітабының алғашқы нұсқалары қазақ баспасөзінің қара шаңырағы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланғаны белгілі. Оқырман газеттен оқып-ақ болашақ кітап туралы сол кездің өзінде-ақ жақсы пікір қалыптастырған еді. Кездесуде сөз алған басылым басшысы, филология ғылымдарының докторы, профессор Сауытбек Абдрахманов негізінен «Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы» басылымының басым ерекшеліктеріне жүйелі түрде, кеңірек тоқталды.

– Бұл бағалы басылым шын мәнінде біздің мығым мемлекет екеніміздің аса бір байыпты көрінісі. Осынау 16 томды құрастыру, тергізу, түзу, түгендеу, тексеру, салыстыру, қадағалау, тағы басқа жұмыстарының барлығына басшылық жасап, жеріне жеткізу арқылы Махмұт Қасымбеков қазақ халқының алдында, туған елінің алдында үлкен перзенттік парызын абыроймен атқарып шықты. Мен осы мәселені ерекше қадай айтқым келеді. Түрік ағайындардың президент Тұрғыт Өзал іс-қызметінің шежіресін жіпке тізіп алмағандығына қазір қатты өкініп жүргендерін де Ыстамбұлда болғанымызда өздерінен естігенбіз. М.Қасымбеков басшылық етіп түзілдірген бұл еңбек тәуелсіздіктің таңсәрі шағынан бергі, егемендіктің елең-алаң шағынан бергі Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың қызметінің толық хроникасы. Мұнда Президенттің сан-салалы қызметі күн-күнімен түгенделіп, тізіліп шыққан. Осында Елбасының барлық сөйлеген сөздері бар. Бұл жылдарда сөйленген сөздерді түгендеу де оңай деп айта алмаймыз. Оның сыртында осы 16 томдық жинақта Президент сөздерінің мәтіндері ғана емес, Президенттің жиырма жылда сөйлеген сөздерінің аудио және бейне жазбалары бар. Бұл – ғажайып қазына. Бұл ғажайып қазынаның игілігін көру үшін 16 томдықтың қолыңызда болуы да шарт емес. Осы 16 том түгелдей Ақорда сайтында сайрап тұр. Кез келген томнан кез келген жылда сөйленген кез

келген сөзді іздеген адам тауып ала қояды, – дей келе «Егеменнің» басшысы кітаптың бірегей құндылықтарымен бірге автор бойындағы абзал қасиеттерді де таратыңқырап айтты.

ҚазҰПУ профессоры Толқын Әуелғазина, университет магистранты Нұргүл Увалиева білдірген жылы лебіздерден кейін Қазақстан Республикасы Президенті Кеңсесінің бастығы, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор М.Қасымбеков сөз алды. Ол әуелі өзі жоғары білім алған қасиетті ордаға алғысын арнады. Көп жылдық комсомол және партия органдарындағы жауапты жұмыстан кейін 1990 жылдан бері Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жанында қызмет атқарып жүруін өмірінің маңызды белесі әрі өзінің зор бақыты деп есептейтінін атап айтты. Махмұт Базарқұлұлы Президенттік институт құрыла бастаған кездегі іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуде көп қиындықтар туындағанына, қазір сол қиындықтардың артта қалғандығына тоқталып, өз сөзіне нақты мысалдар келтіре сөйледі. – Өздеріңіз білесіздер, түрлі себептермен біздің еліміздің, халқымыздың жазбаша тарихы көп сақтала бермеген. Барының өзі бүгінде көбіне өзге мемлекеттердің мұрағат қорында. Сондықтан, ендігі жерде тарихи деректердің өзімізде мейлінше молынан сақталуына, олардың кітап бетіне түсуіне көңіл бөлдік. «Первый Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев. Хроника деятельности» деген көп томдық шығаруды қолға алдық. Қазір бұл басылым жүйелі жарық көріп тұрады. Былтыр оны қазіргі полиграфия өндірісінің талаптарына сай жасақтап, 16 томдық басылым етіп шығардық. Олай дейтінім, кітапқа қоса, дербес ақпараттық өнімдер іспеттес мультимедиалық компакт-дискісі де бар. Бұл өзі Президент қызметінің хроникасы деп аталғанымен, іс жүзінде оны еліміздің жаңа тарихы десек артық емес. Зерттеуші тарихшылар сондағы хроникалық деректер арқылы өздеріне бағдар жасап алып, әрі қарай өзге әдебиеттерді, мұрағат деректерін пайдалану арқылы терең сараптамалық еңбектер жазуына болады, – деді М.Қасымбеков.

Иә, Махмұт Базарқұлұлы қызмет бабына байланысты Мемлекет басшысының алдында жиі болады. Осы жылдар ішінде Президентіміздің орасан зор іскерлігінің, мемлекет мүддесін алыстан ойлайтын кемелдігінің, ел өміріне үлкен өзгерістер әкелген тарихи шешімдер қабылдауының, адами қасиеттерінің куәсі болған. Сөйтіп халқымыздың ұлы тұлғасының жанында жүргенін айқын сезінуі осы көрген-білгендерін қағаз бетіне түсіруге жетелеген. Осы кітапты жазуды парыз санап, «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» кітабы солай туған. Бұдан соң Мамытбек Қалдыбаев, Темірхан Тебегенов және басқа ұстаздар мен магистранттардың бірқатар сұрақтарына толымды жауап берген М.Қасымбеков қазақтың «Орамал тон болмайды, жол болады» деген жоралғысымен университетке Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бірсыпыра кітаптары мен ол туралы жазылған еңбек-терді, тәлімін көрген ардагер ұстазы Исатай Төленбековке Елбасы қол қойған алтын сағатты сыйға тартты. Академик Әлия Бейсенова тұсаукесері өткен ұлағатты кітаптардың авторына аналық ақ жүрегінен шыққан баталы лебізін арнады.

Ректор Серік Пірәлиев осынау қуанышты күні өздері мақтаныш ететін Махмұт Базарқұлұлына Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің құрметті профессоры атағы берілгенін хабарлап, мерейлі мейманға профессор мантиясын жауып, дипломын табыс етті. Сонымен бірге, кездесу барысында түскен ұсынысқа орай, өзі құрылғаннан бергі 84 жылда 230 мың түлек бітірген, еліміздің әр мектебіне шаққанда 40 мұғалімнен айналған ҚазҰПУ жанынан оқу орнын бітірушілердің ассоциациясы

құрылғанын хабарлады. Ғылыми кеңестің шешімімен және ассоциация мүшелерінің ұсынысымен Университет түлектері ассоциациясының төрағасы болып тағайындалған Махмұт Қасымбековке Серік Жайлауұлы осы қызметіне байланысты куәлікті салтанатты жағдайда табыс етті. Елбасы парасаты мен өнегесінің, даналығы мен кемеңгерлігінің тағы бір айғақты көрінісіндей болған ұлағатты кітаптардың ұлы хакім Абай атындағы білім ордасындағы тұсаукесер таныстырылымының алқалы жиыны осылай түйінделді.

Лебіздер:

Марат НҰРИЕВ,

Абай атындағы ҚазҰПУ Жаңартпа технология және білім беру мазмұны ҒЗИ директоры, профессор:

– Елбасы туралы еңбек жазу – өте қиын жұмыс, оған қойылатын талаптар да өте ауыр, біріншіден, нақты шындық керек, екіншіден, әр сөздің мағынасында толық мән болу керек. Өз басым Елбасы туралы қалам тартудың қиындығы қылкөпірден өткендей деп ойлаймын. Мұндай еңбекті жазып, халыққа ұсыну үлкен жүректі ойшыл ғалымның, әр мәселенің байыбына барып, түбіне терең үңілетін азаматтың ғана қолынан келеді. Міне, біз бүгін осындай қайраткер тұлғаның үлкен жауапкершілігінен туған еңбекті қолымызға алып отырмыз.

Толқын ӘУЕЛҒАЗИНА,

саяси ғылымдар докторы, профессор:

– Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы елімізде және шетелдерде көптеген кітаптар жарық көргені баршаға мәлім. Соның бірегейі – Қазақстан Президенті Кеңесінің бастығы, саясаттанушы ғалым Махмұт Қасымбековтің кітабы. Бұл еңбек автордың Президенттің қоғамдық-саяси қызметтерімен қатар, көпшілік біле бермейтін жеке адамдық қасиеттерін суреттеуімен ерекшеленеді. Бүгін таңда Абай атындағы ҚазҰПУ-дегі ұстаздар қауымы білім беру үрдісінде студенттерге, магистранттар мен докторанттарға «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» кітабын кеңінен талдап оқытады. Аталған еңбектегі маңызды көзқарастар мен ғылыми тұжырымдардың Қазақстанның тәуелсіз мемлекеттілігін нығайту кезеңінде отандық ғылымға қосылған үлес болып табылатыны сөзсіз.

Қорғанбек АМАНЖОЛ